



БҰЙРЫҚ

114-Ш/Б 30.03.2026 жыл

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 114-Ш/Б 30.03.2026 жыл

город Астана

**2026 жылға арналған мектеп оқушыларының
үлгілік мәзірінің құнын және орта білім беру
мекемелеріндегі оқушылар үшін ыстық тамақ
ұйымдастыруды бекіту туралы**

«Астана қаласының білім басқармасы» ММ 2026 жылғы 27 наурыздағы № 686 бұйрығы және Білім туралы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2-тармағының 11) тармақшасын, 48-бабы 6-тармағын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Қаржылық және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу ережесін, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Тамақтандыруды ұйымдастыру ережесін, сондай-ақ Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыру Стандартының 3-тарауының 64, 66-тармақтарын орындау үшін, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 1 сәуірден бастап Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен 2026 жылғы 19 наурыздағы үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес орта білім беру ұйымдарының білім алушылары 2026 жылы ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. Бір оқушыға күніне бір реттік ыстық тамақтың құны үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес мынадай мөлшерде бекітілсін:

- 1-4 сынып оқушылары үшін - 887 теңге (ҚҚС қоса 1029 теңге);
- 5-9 сынып оқушылары үшін - 971 теңге (ҚҚС-мен 1127 теңге);
- 10-11 сынып оқушылары үшін - 1033 теңге (ҚҚС-мен 1199 теңге).

3. 2026 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жеткізушілермен жасалған шарттарға барлық өзгерістер мен толықтыруларға қол қойылып және тіркелсін.

4. «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесінде тіркеу функциясы бар аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы тегін тамақтануды алған білім

алушыларды уақтылы есепке алуды қамтамасыз ету үшін жауапты әлеуметтік педагог Назыгул Сабитовна Калиева тағайындалсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г.Оспанова

*Бұйрықпен таныстым және келісемін:
Н.С.Калиева-*